

Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 10 маусымдағы N 141/6 қаулысы. Павлодар облысы Павлодар қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 27 маусымда N 3117 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 2 шілдедегі N 138/10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009.07.02 N 138/10 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы "Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандартын бекіту туралы" N 558, "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" N 561 қаулыларына сәйкес облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Мемлекеттік қызмет көрсетудің қоса беріліп отырған стандарттары б е к і т і л с і н :

- 1) "Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою";
- 2) "Миссионерлік қызметпен айналысатын азаматтарды есептік тіркеуге (қ а й т а т і р к е у г е) қ о ю " ;
- 3) "Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім - шарттарды тіркеу";
- 4) "Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған кепілдік шартты тіркеу";
- 5) "Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру";
- 6) "Әкетілетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру "

7) "Қайтыс болуы туралы анықтама (дәрігерлік куәлік) беру";

2. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.З. Бочинге жүктелсін.

Облыс әкімі	Қ. Нұрпейісов
Павлодар	облысы әкімдігінің
2008 жылғы	10 маусымдағы
"Мемлекеттік	қызмет көрсетудің

"Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою"

мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы - "Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою" (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет).

2. Мемлекеттік қызметтің нысаны - автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын нормативтік-құқықтық актінің атауы мен бабы (тармағы) - Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 4-4-бабы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 шілдедегі N 843 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу ережесінің 3-тармағы.

4. Мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің немесе өзге де субъектілердің атауы - Павлодар облысының ішкі саясат департаменті (бұдан әрі - Департамент).

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орын: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, Павлодар облысының ішкі саясат департаменті, N 5-кабинет; Web-сайт: www.dvp-rv.gov.kz

5. Тұтынушы алатын Мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі) - Павлодар облысының аумағында таратылуға ұсынылған шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қойылғаны туралы анықтама немесе анықтама беруден бас тартылғаны туралы себебі көрсетілген хат.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін тұлғалар санаты - Павлодар облысының аумағында шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын тарататын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары (бұдан әрі - тұтынушы).

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) ұсынылған құжаттарды қарау өтініш тіркелген күннен бастап, он бес күн ішінде жүзеге асырылады;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт бір клиентке қызмет көрсету үшін 15 минуттан есептегенде, кезектегі адамдардың санына байланысты;

3) құжаттарды алған кезде күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт бір клиентке қызмет көрсету үшін 15 минуттан есептегенде, кезектегі адамдардың санына байланысты;

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ақылы екендігі немесе тегіндігі - тегін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қолжетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі ретінде Мемлекеттік қызмет көрсету стандартын міндетті орналастыру орындары:

Департаменттің ресми web-сайтында: www.dvp-pv.gov.kz;

Павлодар облысы әкімінің ресми web-сайтында: www.pavlodar.gov.kz;

Департаменттің Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 5-кабинет мекенжайындағы стендтерінде.

10. Жұмыс кестесі - демалыс және мерекелік күндерден басқа күндері, күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін.

Алдынала жазылу және жедел қызмет көрсету түрлері жоқ.

11. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орынның шарттары - Департамент ғимаратының фойесінде келушілердің күтуіне, қажетті құжаттарды дайындауға арнайы орындар қарастырылған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар мен талаптардың тізбесі :

1) шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою туралы өтініш, онда мыналар көрсетіледі:

өтініш берілетін мемлекеттік органның атауы;
тұтынушының мәртебесі (жеке тұлға - жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға),
оның ұйымдық - құқықтық нысаны, атауы (немесе тегі, аты, әкесінің аты),
орналасқан орны (немесе мекенжайы);

тұтынушы Павлодар облысының аумағында тарататын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары атауларының тізбесі;

шетелдік бұқаралық ақпарат құралын тарату аумағы;
таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының тілі (тілдері);
таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының негізгі тақырыптық бағыты;

мерзімді басылымның таратылатын даналарының саны, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары хабарлары ретрансляциясының көлемі;

таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралы шығарылатын ел;

2) кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі - жеке тұлға үшін;

3) заңды тұлғаны (филиалды немесе өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы куәліктің көшірмесі - заңды тұлға (филиал немесе өкілдік) үшін;
құжаттарды қалыптастырғанда қателіктер анықталғанда, тұтынушыға өтініш берген сәтте хабарланады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет бланкілер (өтініш нысандары және т.с.с.) берілетін орын - шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қою жөніндегі өтініштің үлгісін Департаменттің ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі бөлімінің лауазымды тұлғасы Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 5 - кабинет мекенжайы бойынша береді.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылған бланкілерді, нысандарды, өтініштерді және басқа да құжаттарды тапсыратын жауапты адамның мекенжайы және кабинетінің нөмірі - осы стандарттың 12-тармағында аталған құжаттар да көрсетілген лауазымды тұлғаға тапсырылады.

15. Тұтынушы Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушының Мемлекеттік қызметті алу күні бар барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжаттың атауы және нысаны - құжаттарды алғаны туралы Департаменттің лауазымды тұлғасы беретін қолхат.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілдері мен регламенттерінің тізбесі - анықтама жеке барғанда беріледі. Анықтама электрондық пошта, сайт арқылы берілмейді.

Анықтама беруді Департаменттің ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі бөлімінің лауазымды тұлғасы хабарламада көрсетілген мерзім негізінде (өтініш тіркелгеннен кейінгі 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей) күн сайын жүргізеді.

Егер тұтынушы құжаттарды алуға мерзімінде хабарласпаған жағдайда, Департамент берілген анықтамалар мен қаралған құжаттардың мерзімсіз сақталуын жүзеге асырады.

17. Мемлекеттік қызметті көрсетуді тоқтата тұру немесе оны ұсынудан бас тарту негіздерінің тізбесі:

Тұтынушының осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды ұсынбауы, не болмаса онда толық емес немесе дәйексіз ақпарат болуы ;

шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзыду, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, тектік-топтық діни, нәсілдік, ұлттық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттайтын және үгіттейтін мазмұнда болуы;

Тұтынушыға қатысты осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын сот шешімінің болуы ;

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралы өніміне қатысты Қазақстан Республикасының аумағында таратуға тыйым салған сот шешімінің болуы.

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралын тіркеуден бас тартылған жағдайда,

тұтынушыға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

Тұтынушы Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын бұзған жағдайда, Департамент сот тәртібімен шетелдік бұқаралық ақпарат құралын есепке қою жөніндегі анықтамасын тоқтата тұруға немесе кері қайтарып алуға құқылы.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Департаменттің тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары :

көрсетілетін Мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;
с ы п а й ы л ы қ ;

кажетті құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі түсіндіру ;

тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғауды және құпиялықты қамтамасыз ету ;

Тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

19. тұтынушыға Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Департаменттің жұмысы бағаланатын Мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобы бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шығым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауы, электрондық почтасының мекенжайы, шақыруларды өндеу орталықтарының (call-орталықтардың) телефон нөмірлері немесе лауазымды адам кабинетінің нөмірі - уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Департамент директорының орынбасары Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 3-кабинет мекенжайы бойынша түсіндіреді, телефон: 8 (7182) 32-22-99, электрондық поштаның мекенжайы: perisat-dvp@mail.ru

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауы, электрондық почтасының

мекенжайы не лауазымды адам кабинетінің нөмірі - шағым Департамент директорының атына жазбаша түрде поштамен немесе жеке өзі келгенде Департаменттің кеңсесі арқылы мына мекенжай бойынша беріледі: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 5-кабинет.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын және берілген шағымға жауап алатын мерзімі мен орынды көздейтін құжаттың атауы, шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері - тұтынушыға өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты-жөні, күні көрсетілген
к ө ш і р м е с і б е р і л е д і .

Департаментке келіп түскен шағымды қарау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіпте Департаментке түскен шағымдар міндетті түрде қабылдауға, тіркелуге, есепке алынуға және қарауға жатады.

Тұтынушы қолданылған шараларға қанағаттанбаса немесе мәселе жоғары тұрған инстанцияда қарауды қажет етсе, ол Павлодар қаласы, Академик Сәтбаев көшесі, 49-үй мекенжайына Павлодар облысы әкімінің аппаратына хат жолдай алады.

6. Байланыс ақпараты

24. Тікелей Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган, мекеме немесе өзге де субъекті басшысының, оның орынбасарларының және жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері (сайт, электрондық поchtасының мекенжайы, жұмыс және қабылдау кестесі, мекенжайы, телефондары):

1) Департаменттің директоры, мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 1-кабинет, телефон: 8 (7182) 32-21-19; электрондық поchtасының мекенжайы: devnpol@pavlakimat.kz; қабылдау кестесі: бейсенбі сайын, сағат 16.00 - ден 18.00-ге дейін;

2) Департамент директорының орынбасары, мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 3-кабинет телефон: 8 (7182) 32-22-99; электрондық поchtасының мекенжайы: perisat-dvp@mail.ru; қабылдау кестесі: сәрсенбі, жұма күндері, сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін;

3) облыс әкімінің азаматтарды қабылдау бөлмесі, мекенжайы: Павлодар қаласы, Академик Сәтбаев көшесі, 49-үй, телефон 8 (7182) 32-58-37, 32-48-55, 32-25-40, қабылдау кестесі: дүйсенбі - жұма күндері, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

25. Тұтынушы үшін басқа да пайдалы ақпарат (шақыруларды өңдеу орталықтарының телефондары, қосымша қызметтер туралы ақпарат және т.б.) - ескерілмеген.

"Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын
есепке қою" мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына қосымша

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің мәні

№ р/с	Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4	5
	1. Уақтылығы			
1	құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде Мемлекеттік қызметтің оқиғаларының % (үлесі)	95	90	90
2	Мемлекеттік қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	90	85	85
	2. Сапасы			
3	Мемлекеттік қызметтің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95	90	90
4	құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс рәсімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	99	99	99
	3. қолжетімділік			
5	Мемлекеттік қызметтің тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95	95	95
6	тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80	80	80
7	Интернет арқылы қолжетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	50	50	50
	4. Шағымдану үдерісі			
8	қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1	0,3	0,5
9	Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100	100	100
10	Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
11	Шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90

	5. Сыпайылық			
12	қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	95	95	95

Павлодар облысы әкімдігінің
2008 жылғы 10 маусымдағы
"Мемлекеттік қызмет көрсетудің
стандарттарын бекіту туралы"
N 141/6 қаулысымен
бекітілген

"Миссионерлік қызметпен айналысатын азаматтарды есептік тіркеуге (қайта тіркеуге) қою" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы - "Миссионерлік қызметпен айналысатын азаматтарды есептік тіркеуге (қайта тіркеуге) қою" (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет).

2. Мемлекеттік қызметтің нысаны - автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын нормативтік құқықтық актінің атауы мен бабы (тармағы) - Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңының 4-2 ж а н е 6 - 2 - б а п т а р ы .

4. Осы мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің немесе өзге де субъектілердің атауы - Павлодар облысының ішкі саясат департаменті (бұдан әрі - Департамент).

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 4 - кабинет. Департаменттің web-сайты: www.dvp-pv.gov.kz.

5. Тұтынушы алатын мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі) - Павлодар облысының аумағында миссионерлік қызметпен айналысу құқығын беретін бекітілген үлгідегі есептік тіркеу туралы құжат.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың санаты - Павлодар облысының аумағында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар (бұдан әрі - тұтынушы).

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) өтініш тіркелген күннен бастап, тапсырылған құжаттарды қарау мерзімі ж е т і к ү н ;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде (тіркегенде) кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт бір клиентке қызмет көрсету үшін 10 минуттан

есептегенде, кезектегі адамдардың санына байланысты;

3) құжаттарды алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт бір клиентке қызмет көрсету үшін 15 минуттан есептегенде, кезектегі адамдардың с а н ы н а б а й л а н ы с т ы ;

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ақылы немесе тегін көрсетілуі - тегін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі ретінде мемлекеттік қызмет көрсету стандартын міндетті түрде орналастыру орны:

Департаменттің ресми web-сайты: [www .dvp-pv. gov.kz.](http://www.dvp-pv.gov.kz)

Павлодар облысы әкімінің ресми web-сайты: [www . pavlodar . gov.kz.](http://www.pavlodar.gov.kz)
Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 4-кабинет мекенжайында орналасқан Павлодар облысы ішкі саясат департаментінің стендтері.

10. Жұмыс кестесі - күн сайын, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс күндері - сенбі, жексенбі. Алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету жүзеге асырылмайды.

11. Қызмет көрсетілетін орынның шарттары - Департамент ғимаратының фойесінде кезек күтушілерге және қажетті құжаттарды дайындауға арналған орын көзделген.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар мен талаптардың тізбесі :

ұстанған діні, дін уағыздау аумағы және миссионерлік қызметінің мерзімі көрсетілген өтініш (1-қосымша);

діни ұйымы миссионерлік қызметін жүзеге асыру құқығына берген сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі;

тұтынушы өкілі болып табылатын діни ұйымның өз елінің заңнамасына сәйкес ресми тіркеуде екендігін растайтын куәліктің немесе өзге құжаттың к ө ш і р м е с і ;

Қазақстан Республикасында тіркелген діни ұйымның шақыру қағазы;

Діни мақсаттағы миссионерлік қызметке арналған әдебиет, дыбыстық бейнематериалдар немесе өзге де заттар.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет бланкілерді (өтініштер нысандарын және т.т.) беру орны - Департаменттің Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 4-кабинет мекенжайында орналасқан жастармен және діни бірлестіктермен жұмыс бөлімі немесе Департаменттің web-сайты: [www. dvp-pv. g o v . k z .](http://www.dvp-pv.gov.kz)

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылған бланкілерді, нысандарды,

өтініштерді және басқа да құжаттарды тапсыратын жауапты адамның мекенжайы және кабинет нөмірі - көрсетілген бөлім.

15. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күні бар барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжаттың атауы мен нысаны - тапсырған құжаттардың саны мен атаулары, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты-жөні, құжаттарды қабылдау және беру мерзімі көрсетілген қолхат.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілдері мен регламенттерінің тізбесі- көрсетілген мекенжайға жеке барғанда және жеке басын куәландыратын құжат ұсынғанда берілетін есептік тіркеу жөніндегі құжат.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынадан бас тарту негіздерінің тізбесі - тұтынушының осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды ұсынбауы немесе онда толық емес немесе дәйексіз ақпаратты көрсетуі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған жағдайда Департамент тұтынушыны оның өтініші қабылданғаннан кейін бір жұмыс күнінің ішінде хабардар етіп, бас тарту себептерін көрсетіп, жазбаша жауап береді.

Тұтынушының есептік тіркелуі жөніндегі өтініші белгіленген мерзімде қаралмаса немесе негізсіз бас тартылса, тұтынушы осы әрекеттерге сот тәртібімен арыздану құқығы бар.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Департамент тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары:

с ы п а й ы л ы қ ;

көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;
діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болуының тәртібі және олардың миссионерлік қызметті жүзеге асыруы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларын түсіндіру;

тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты сақтау, қорғау және құпиялылығын сақтау ;

тұтынушы мерзімінде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

19. тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Департаменттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа

және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобы бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауын, электрондық почтасының мекенжайын, шақыруларды өңдеу орталықтарының (call-орталықтар) телефон нөмірлерін не лауазымды адам кабинетінің нөмірі - Департаменттің Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 4-кабинет мекен-жайында орналасқан жастармен және діни бірлестіктермен жұмыс бөлімнің маманы өкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіреді.

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауын, электрондық почтасының мекенжайы не лауазымды адам кабинетінің нөмірі - шағым Департамент директорының не орынбасарының атына жазбаша түрде почтамен немесе Департаменттің кеңсесі арқылы, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы 15-үй, N2-кабинет мекенжайы бойынша беріледі. Департаменттің web-сайты: www.dvp-rv.gov.kz.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын және берілген шағымға жауап алатын мерзім мен орынды көздейтін құжаттың атауын, шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері - Департамент кеңсесіндегі азаматтардың шағымдары мен өтініштерін тіркеу журналы. Мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 2-кабинет, кеңсе меңгерушісі, телефоны 32-21-03.

6. Байланыс ақпараты

24. Тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган, мекеме немесе өзге де субъект басшысының, оның орынбасарларының және жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері (сайт, электрондық почтасының мекенжайы, жұмыс және қабылдау кестесі, мекенжайы, телефондары):

1) Департаменттің директоры, мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 1-кабинет, телефон: 8 (7182) 322119; Департаменттің web-сайты www.dvp-hv.gov.kz; электрондық почтасының мекенжайы: depvnpol@pavlakimat.kz; қабылдау кестесі: бейсенбі сайын сағат 16.00 -ден 18.00 - ге дейін

2) Департамент директорының орынбасары, мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 15-үй, N 3-каб. тел.: 8 (7182) 321160; Департаменттің web-сайты: www.dvp-hv.gov.kz; электрондық почтасының мекенжайы: sat-vnp@rambler.ru; қабылдау кестесі: сәрсенбі, жұма күндері сағат 17.00 -ден және 18.00 -ге дейін.

3) Павлодар облысы әкімінің аппараты, мекенжайы: 140000, Павлодар қаласы, Академик Сәтпаев көшесі, 49 - үй; Web@pavlodar.gov.kz; облыс әкімінің азаматтарды қабылдау бөлмесі, 110-112 кабинеттер, тел. 32-48-55,32-25-40; жұмыс және қабылдау кестесі: күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс сағат 12.45-тен 14.15-ке дейін, демалыс күндері-сенбі, жексенбі.

25. Тұтынушы үшін басқа да пайдалы ақпарат (шақыруларды өңдеу орталықтарының телефондары, қосымша қызметтер туралы ақпарат және т.б.) - ескерілмеген.

"Миссионерлік қызметпен
айналысатын азаматтарды есептік
тіркеуге (қайта тіркеуге) қою"
мемлекеттік қызмет көрсетудің
с т а н д а р т ы н а

1-қосымша

**Павлодар облысы ішкі саясат
департаментінің директорына**

**Миссионерлік қызметпен айналысатын азаматтарды есептік тіркеуге (қайта тіркеуге) қою туралы өтініш
(үлгі)**

Сізден миссионерлік қызметпен айналысатын _____
(діни бірлестіктің атауы, мекенжайы, әділет органында тіркелу нөмірі)

тұлғаны	есептік	тіркеуге	алуыңызды	өтінеміз.
1.	_____			
	а т ы - ж ө н і			
2.	_____			
	ж ы н ы с ы			
3.	_____			
	т у ғ а н	ж ы л ы ,	а й ы ,	к ү н і
4.	_____			
	а з а м а т т ы ғ ы			
5.	_____			
	ұ л т ы			
6.	_____			
	т ө л қ ұ ж а т ы н ы ң		н ө м і р і	
7.	_____			
	қ ұ ж а т	б е р і л г е н	у а қ ы т	

8. _____
төлқұжаттың жарамдылық мерзімі
9. _____
Павлодар облысында болу уақыты
10. _____
тұратын орнының мекенжайы
11. _____
в и з а а л ғ а н о р н ы
12. _____
в и з а қ ы с қ а л ы ғ ы
13. _____
визалық қолдау нөмірі
14. _____
к е л у м а қ с а т ы
15. _____
келгендегі және қайтардағы көлік құралының түрі

(лауазымы) (қолы) М.О. (аты-жөні)

" Миссионерлік қызметпен
айналысатын тұлғаларды есептік
тіркеуге (қайта тіркеуге) қою"
мемлекеттік қызмет көрсетудің
с т а н д а р т ы н а

2 - қосымша

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

№ п/п	Сапа және қол жетімділік кө ө рсеткіштері	көрсеткіштің нормативтік мәні	көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4	5
1 . Уақтылығы				
1	құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде Мемлекеттік қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	95	90	90
2	Мемлекеттік қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен Тұтынушылардың % (үлесі)	90	86	86

2. Сапасы				
3	Мемлекеттік қызметті ұсынуудерісінің сапасына қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	95	90	90
4	құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс рәсімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	99	99	99
3. қол жетімділік				
5	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа)	97	97	97
	қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)			
6	Тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	85	85	85
7	Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)			
4 . Шағымдану үу дерісі				
8	қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген Тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,1	0,2	0,4
9	Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)			
10	Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
11	Шағымдану мерзіміне қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
5 . Сыпайылық				
12	қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	97	97	97

Павлодар облысы әкімдігінің
 2008 жылғы 10 маусымдағы
 "Мемлекеттік қызмет көрсетудің

"Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы - "Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу" (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет).

Мемлекеттік қызметтің нысаны - автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын нормативтік құқықтық актінің атауы мен бабы (тармағы) - Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңының 9-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережесінің 26 - тармағы.

4. Мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің немесе өзге субъектілердің атауы - Павлодар облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті (бұдан әрі - Д е п а р т а м е н т) .

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орны: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17-үй , N 204, 205-кабинеттер. Электрондық поштасының мекенжайы: email: dpr_pvl@ m a i l . r u .

5. тұтынушы алатын Мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі) - барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды мемлекеттік тіркеу т у р а л ы с е р т и ф и к а т .

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін тұлғалардың санаты - жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - тұтынушы).

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) Өтінім ұсынылған сәттен бастап, оны қарастыру мерзімі - 10 күн. Келісуден және сараптаудан өткеннен кейін Департамент келісім - шартты мемлекеттік тіркеу туралы сертификатты беріп, мердігермен келісім-шарт ж а с а с а д ы ;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт бір клиентке қызмет көрсету үшін 10 минуттан есептегенде, кезектегі адамдардың санына байланысты.

3) қажетті құжаттарды алған кезде күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт, бір клиентке қызмет көрсету үшін 10 минуттан есептегенде, кезектегі адамдардың с а н ы н а б а й л а н ы с т ы .

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі ретінде мемлекеттік қызмет көрсету стандартын міндетті түрде орналастыру орны - Департаменттің фойесінде орналасқан ақпараттық және анықтамалық стендтер; электрондық мекенжайы: email: dpr_pvl @ m a i l . r u .

10. Департаменттің жұмыс кестесі мен тәртібі - дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9.00 - ден 18.00 - ге дейін (мереке күндерінен басқа), үзіліс сағат 13.00 - ден 1 4 . 0 0 - г е д е й і н .

11. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орынның шарттары - Департаменттің жер қойнауын пайдалану жөніндегі бөлімнің N 204, 205- кабинеттерінде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар мен талаптардың тізбесі - барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу үшін тұтынушы м ы н а д а й құ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы :

жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы конкурстық комиссия ш е ш і м і н і ң к ө ш і р м е с і ;
к е л і с і м - ш а р т т ы ң ж о б а с ы .

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет бланкілер (өтініш нысандары және т.с.с.) берілетін орын - өтінімнің үлгісін Департаменттің N 204, 205- к а б и н е т т е р і н д е а л у ғ а б о л а д ы .

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылған бланкілерді, нысандарды, өтініштерді және басқа құжаттарды тапсыратын жауапты адамның мекенжайы және кабинетінің нөмірі - құжаттарды қабылдауды Департаменттің әкімшілік бөлімінің м а м а н ы (N 232-кабинет) жүзеге асырады.

15. Тұтынушы Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күні бар барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжаттың атауы және нысаны - конкурсқа қатысуға өтінім және конкурстық ұсыныс, олар өтініштің көшірмесіне кіріс нөмірі белгісімен тіркеу журналына т і р к е л е д і .

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілдері мен регламенттерінің тізбесі - дайын құжаттарды беру тұлға дербес қатысқан кезде

құжаттарды беру журналында белгі қойылып, жеке басын куәландыратын құжат ұсынылған жағдайда көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту негіздерінің тізбесі:

1) құжаттарды ресімдеуде қателерді (түзетулерді, қырып тазартуды және т.б.) анықтау ;

2) тиісті құжаттардың жоқ болуы (жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы конкурстық комиссия шешімінің, келісім-шарт жобасының көшірмелері);

3) біле тұра жалған мәлімет беру.

Департамент көрсетілген жағдайларда он күнтізбелік күн ішінде толық құжаттар пакетін алғаннан кейін, оларды тіркеуден бас тарту себептерін жазбаша негіздеп қайтарады.

3. Жұмыс қағидаттары

18 . Департамент тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары :

с ы п а й ы л ы қ ;

адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;

т о л ы қ а қ п а р а т б е р у ;

ақпаратты қорғау және құпиялығын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

20. Департаменттің жұмысы бағаланатын Мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобы бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауын, электрондық почтасының мекенжайын, шақыруларды өңдеу орталықтарының (call-орталықтар) телефон нөмірлерін не лауазымды адам кабинетінің нөмірі - лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне)

шағымдану қажет болған кезде тұтынушы Департамент директорының орынбасарына жолыға алады, N 213-кабинет, телефоны: 8 (718-2) 32-32-96. тұтынушы Департамент директорының қабылдауына мына телефон бойынша: 8 (718-2) 32-66-18 қабылдау бөлмесі арқылы жазылуына болады.

Қабылдау әр сәрсенбі сайын сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады.

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауы, электрондық почтасының мекенжайы не лауазымды адам кабинетінің нөмірі - шағым жазбаша түрде Департамент директорының атына қабылдау бөлмесіне (N 218-кабинет) немесе Департаменттің кеңсесіне (N 232-кабинет) беріледі.

Электрондық почтасының мекенжайы: e-mail: dpr_pvl@mail.ru.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын және берілген шағымға жауап алатын мерзімі мен орынды көздейтін құжаттың атауы, шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері - жазбаша түрде өтініш берген тұтынушыға өтініштің (шағымның) екінші данасы, тіркелген күні мен уақыты көрсетіліп, қайтарылады.

Департаментке түскен шағымдарды қарастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Берілген шағымға жауапты не оны қарастыру барысы туралы ақпаратты Департаментте мына мекенжай бойынша: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17-үй, қабылдау бөлмесінде (N 218-кабинет) немесе кеңседе (N 232- кабинет) алуға б о л а д ы .

Қазақстан Республикасының заңнамасымен бегіленген тәртіпте ұсынылған өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады.

6. Байланыс ақпараты

24. Тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган, мекеме, немесе өзгеде субъект басшысының, оның орынбасарларының және жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері (сайт, электрондық почтасының мекенжайы , жұмыс және қабылдау кестесі, мекенжайы, телефондары):

1) Департамент директоры, мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17-үй , директордың қабылдау бөлмесі (N 218-кабинет), телефоны: 32-66-18; электрондық почтасының мекенжайы: [mail: dpr_pvl@mail.ru](mailto:dpr_pvl@mail.ru); жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін (мереке күндерінен басқа), үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін; жеке мәселелер бойынша қабылдау: сәрсенбі, сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін (мереке күндерінен басқа);

2) Департамент директорының орынбасары, мекенжайы: Павлодар қаласы,

Жеңіс алаңы, 17-үй, N 213 - кабинет, электрондық почтасының мекенжайы: dpr_pvl@mail.ru. жеке мәселелер бойынша қабылдау: бейсенбі, сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін (мереке күндерінен басқа).

3) Павлодар облысы әкімінің аппараты, мекенжайы: 140000, Павлодар қаласы, Академик Сәтпаев көшесі, 49 - үй; Web@pavlodar.gov.kz; облыс әкімінің азаматтарды қабылдау бөлмесі, 110-112 кабинеттер, тел. 32-48-55,32-25-40; жұмыс және қабылдау кестесі: күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс сағат 12.45-тен 14.15-ке дейін, демалыс күндері-сенбі, жексенбі.

25. Тұтынушы үшін басқа да пайдалы ақпарат (шақыруларды өндеу орталықтарының телефондары, қосымша қызметтер туралы ақпарат және т.б.) - ескерілмеген.

"Барлауға, өөндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өөндіруге кепілдік - шартын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартына қосымша

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

№ N р/с	Сапа ж і не қ о л жетімділік көрсеткіштері	көрсеткіштің нормативтік мәні	көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні	
1	2	3	4	5	
1. Уақ ты лығ ы					
1		құжаттарды тапсырған сәттен белгіленген мерзімде Мемлекеттік қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	100	100	100
2		Мемлекеттік қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен Тұтынушылардың % (үлесі)	80-85	85	85
2. Сапа сы					
3		Мемлекеттік қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
4		құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б. % (үлесі)	100	100	100
3. қол жетімділік					

5	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
6	Тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80	80	80
7	Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)	50	50	-

**4 .
Шағымдану
үдерісі**

8	қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген Тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,5	0,5	-
9	Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100	100	-
10	Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90-дейін	90	90
11	Шағымдану мерзіміне қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90-дейін	90	90

**5 .
Сыпайылық**

12	қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90-дейін	90	90
----	---	----------	----	----

Павлодар облысы әкімдігінің
2008 жылғы 10 маусымдағы
"Мемлекеттік қызмет көрсетудің
стандарттарын бекіту туралы"
N 141 / 6 қаулысымен
бекітілген

"Барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы - " Барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет).

Мемлекеттік қызметтің нысаны: - автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын нормативтік құқықтық актінің атауы мен бабы (тармағы) - Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағының б)-тармақшасы және 14-бабы.

4. Мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органның, мемлекеттік мекеменің немесе өзге де субъектілердің атауы - Павлодар облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті (бұдан әрі - Д е п а р т а м е н т) .

Мемлекеттік қызмет көрсету орны: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17-үй, N 204, 205-кабинеттер. Электрондық почтасының мекенжайы: e-mail: dpr_pvl@m a i l . g u .

5. тұтынушы алатын Мемлекеттік қызметті көрсетуді аяқтау нысаны (нәтижесі) - кепілдік шартын тіркеу туралы куәлікті бере отырып, барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін тұлғалардың санаты - жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - тұтынушы).

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы рұқсат жер қойнауын пайдаланушы өтініш берген күннен бастап 45 күн ішінде беріледі не рұқсат беруден бас тартылады. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат тұтынушыға беріледі.

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт бір клиентке қызмет көрсету үшін 10 минуттан есептегенде, кезектегі адамдардың санына байланысты;

3) құжаттарды алған кезде күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт бір клиентке қызмет көрсету үшін 10 минуттан есептегенде, кезектегі адамдардың санына байланысты.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ақылы екендігі немесе тегіндігі- тегін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі ретінде мемлекеттік қызмет көрсету стандартын міндетті түрде орналастыру орны - Департаменттің фойесінде орналасқан ақпараттық және анықтамалық стендтер; Электрондық почтасының мекенжайы: e - m a i l : d p r _ p v l @ m a i l . r u .

10. Департаменттің жұмыс кестесі мен тәртібі - дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін (мереке күндерінен басқа), үзіліс сағат 13.00-ден 14.00 - г е д е й і н .

11. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орынның шарттары - Департаменттің жер қойнауын пайдалану жөніндегі бөлімінің N 204, 205- кабинеттерінде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

2. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар мен талаптардың тізбесі:

- 1) жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге өтініш;
- 2) кредит қандай мақсатпен алынып отырғаны көрсетілген бизнес-жоспар (оны тек қана жер қойнауын пайдалану мақсаты үшін пайдалануға болады);
- 3) жер қойнауын пайдалану құқығының банкпен кредит алу туралы кепілдік шарты Департаментке тіркеу үшін ұсынылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін толтырылуы қажет бланкілерді (өтініштер нысандарын және т.б.) беру орны - өтінішті беру нысаны- еркін. қосымша ақпаратты Департаменттің N 204, 205-кабинеттерінде алуға болады.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін, толтырылған бланкілерді, нысандарды, өтініштерді және басқа да құжаттарды тапсыратын жауапты адамның мекенжайы және кабинет нөмірі - құжаттарды қабылдауды Департаменттің әкімшілік бөлімінің маманы жүзеге асырады (N 232-кабинет).

15. тұтынушы Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушының мемлекеттік қызметті алған күні бар барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжаттың атауы мен нысаны - жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы өтініш Департаменттің кеңсесінде өтініштің көшірмесінде кіріс нөмірі қ о й ы л ы п т і р к е л е д і .

16. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілдері мен регламенттерінің тізбесі - дайын құжаттарды беру тұлғаның дербес қатысуымен, құжаттарды беру журналында белгі қойылып, жеке басын куәландыратын құжат көрсетілген жағдайда жүзеге асырылады.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту негіздерінің тізбесі:

- 1) құжаттарды ресімдеудегі қателерді (түзетулерді, қырып тазартуды және т.б

.) анықтау, осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттардың жоқ болуы;

2) біле тұра жалған мәлімет ұсыну.

Департамент көрсетілген жағдайларда құжаттардың толық топтамасын алған күннен кейін қырық бес күнтізбелік күн ішінде тіркеуден бас тартқаны туралы себептерін жазбаша негіздеп, қайтарады.

3. Жұмыс қағидаттары

18 . Департамент тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары :

с ы п а й ы л ы қ ;

адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты сақтау;

т о л ы қ а қ п а р а т б е р у ;

ақпаратты қорғау және құпиялығын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

19. тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Департаменттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс тобы бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

21. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіретін және шағым дайындауға жәрдем көрсететін мемлекеттік органның атауын, электрондық почтасының мекенжайын, шақыруларды өңдеу орталықтарының (call-орталықтар) телефон нөмірлерін не лауазымды адам кабинетінің нөмірі - лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану қажет болған кезде тұтынушы Департамент директорының орынбасарына жолыға алады, N 213-кабинет, телефоны: 8 (718-2) 32-32-96. тұтынушыға Департамент директорының қабылдауына мына телефон бойынша: 8 (718-2) 32-66-18 азаматтарды қабылдау бөлмесі арқылы жазылуға болады.

Қабылдау әр сәрсенбі сайын сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады

22. Шағым берілетін мемлекеттік органның атауы, электрондық почтасының мекенжайы не лауазымды адам кабинетінің нөмірі - шағым жазбаша түрде

Департамент директорының атына азаматтарды қабылдау бөліміне (N 218-кабинет) немесе кеңсеге (N 232-кабинет) беріледі.

23. Шағымның қабылданғанын растайтын және берілген шағымға жауап алатын мерзім мен орынды көздейтін құжаттың атауын шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері - жазбаша түрде өтініш берген тұтынушыға өтініштің (шағымның) екінші данасы, тіркелген күні мен уақыты көрсетіліп, қайтарылады.

Департаментке түскен шағымдарды қарастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Берілген шағымға жауапты не оны қарастыру барысы туралы ақпаратты Департаменттен мына мекенжай бойынша: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17-үй, қабылдау бөлмесінде (N 218-кабинет) немесе кеңседе (N 232-кабинет) алуға б о л а д ы .

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ұсынылған өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады.

6. Байланыс ақпараты

24. Тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган, мекеме немесе өзге де субъект басшысының, оның орынбасарларының және жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері (сайт, электрондық почтасының мекенжайы, жұмыс және қабылдау кестесі, мекенжайы, телефондары):

1) Департамент директоры мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17-үй, қабылдау бөлмесі (N 218-кабинет), телефоны: 32-66-18, электрондық почтасының мекенжайы: mail: dpr_pvl@mail.ru; жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, (мереке күндерінен басқа), үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, жеке мәселелер бойынша қабылдау: сәрсенбі, сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін (мереке күндерінен басқа);

2) Департамент директорының орынбасары, мекенжайы: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17-үй, N 218-кабинет, электрондық почтасының мекенжайы: dpr_pvl@mail.ru; жеке мәселелер бойынша қабылдау: бейсенбі 16.00-ден 18.00-ге дейін (мереке күндерінен басқа);

3) Павлодар облысы әкімінің аппараты, мекенжайы: 140000, Павлодар қаласы, Академик Сәтпаев көшесі, 49 - үй; Web@pavlodar.gov.kz; облыс әкімінің азаматтарды қабылдау бөлмесі, 110-112 кабинеттер, тел. 32-48-55, 32-25-40; жұмыс және қабылдау кестесі: күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, үзіліс сағат 12.45-тен 14.15-ке дейін, демалыс күндері-сенбі, жексенбі.

25. Тұтынушы үшін басқа да пайдалы ақпарат (шақыруларды өңдеу

орталықтарының телефондары, қосымша қызметтер туралы ақпарат және т.б.) - ескерілмеген.

"Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартына қосымша

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

N р/с	Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4	5
1. Уақтылығы				
1	құжаттарды тапсырған сәттен белгіленген мерзімде Мемлекеттік қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	100	100	100
2	Мемлекеттік қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	80-85	85	85
2. Сапасы				
3	Мемлекеттік қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
4	құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б. % (үлесі)	100	100	100
3. қол жетімділік				
5	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90	90	90
6	тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	80	80	80
7	Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпараты % (үлесі)	50	50	-

4. Шағымдану үдерісі					
8	Мемлекеттік қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,5	0,5	-	
9	Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100	100	-	
10	Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90-дейін	90	90	
11	Шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	90-дейін	90	90	
5 . Сыпайылық					
12	қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың	90- дейін	90	90	

" Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартына қосымша

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

P/c №	Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні	
1	2	3	4	5	
		1. Уақтылығы			
1		күжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде Мемлекеттік қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	95	80	75
2		Мемлекеттік қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен Тұтынушылардың % (үлесі)	90	85	75
2. Сапасы					
3		Мемлекеттік қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	85	80

4	құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және т.б.) % (үлесі)	95	90	85
3. қол жетімділік				
5	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	75	70
6	Тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % (үлесі)	90	80	70
7	Интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % (үлесі)			
4 . Шағымдану үдерісі				
8	қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0,5	0,7	0,8
9	Белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	95	90	85
10	Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	95	85	80
11	Шағымдану мерзіміне қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	85	80
5 . Сыпайылық				
12	қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған Тұтынушылардың % (үлесі)	90	80	70

Павлодар облысы әкімдігінің
2008 жылғы 10 маусымдағы
"Мемлекеттік қызмет көрсетудің
стандарттарын бекіту туралы"
N 141 / 6 қаулысымен
бекітілген

Әкетілетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтің анықтамасы - "әкетілетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет)

2. № Мемлекеттік қызметтің нысаны: - автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге негіз болатын нормативтік құқықтық актінің атауы мен бабы (тармағы) - Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының 8-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 маусымдағы N 447 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасынан әкетілетін және оған әкелінетін мәдени құндылықтарға сараптама жүргізу ережесінің 10 - тармағы.

4. Мемлекеттік қызметті ұсынатын мемлекеттік органның мемлекеттік мекеменің немесе өзге субъектілердің атауы: Павлодар облысының мәдениет департаменті (бұдан әрі - Департамент).

